Сайлау учаскесінің шекарасы: Ақши ауылы бойынша Нұра көшесіндегі № 1, 1/1, 2, 3, 3/1, 5, 5/1, 6, 6А, 8, 9, 10, 11, 15, 16 үйлер, Бейбітшілік көшесіндегі № 1, 2, 2/1, 3/1, 4, 4/1, 5, 6, 7, 7/1, 7/2, 8, 8/1, 9, 9/1, 9/2, 10, 11, 12/1, 14, 15, 17, 18 үйлер, Сарыарқа көшесіндегі № 1, 1/1, 2, 3, 4, 4/1, 5/1, 6/1, 6/2, 7/1, 8, 8/1, 9/1, 10, 10/2, 11, 11/1, 12 үйлер және Сарыөзек, Саяхат, Оралбай, Шөмшек, Қарашың, Алмалы қыстақтары.

**№ 472 сайлау учаскесі**

Сайлау учаскесінің орталығы - Торанғалық ауылдық округі, Торанғалық ауылы, Жастар көшесі, 4. Клуб үйі.

Сайлау учаскесінің шекарасы: Торанғалық ауылы бойынша Жөніске 30 жыл көшесіндегі № 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 10 үйлер, Спорт көшесіндегі № 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, (Жалғасы 10-бетте).

**(Соңы. Басы 3-9-беттерде).**

11, 12, 15 үйлер, Мектеп көшесіндегі № 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9 үйлер, Абай көшесіндегі № 1, 2, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 17, 18, 20, 21, 25, 26, 27, 28, 29 үйлер, Жастар көшесіндегі № 1, 1А, 2, 5, 7, 8, 9, 10, 11, 13, 14, 15 үйлер, Астананың 10 жылдығы көшесіндегі № 5, 10, 11, 12 үйлер, Жағалау көшесіндегі № 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 11, 12, 14, 15, 16, 18, 19, 20, 21, 22, 23, 24, 25 үйлер, Жасыл желек көшесіндегі № 2, 4, 9, 11 үйлер, Тың игеру көшесіндегі № 3, 4, 8, 14 үйлер.

**№ 473 сайлау учаскесі**

Сайлау учаскесінің орталығы - Шашубай кенті, С.Сейфуллин көшесі, 21. Шашубай кентінің «Мектеп-балабақша кешені» (мектеп жанындағы интернатимен) базасындағы Тірек мектебі (ресурстық орталық).

Сайлау учаскесінің шекарасы: Шашубай кенті бойынша Қарамөнде би көшесіндегі № 1, 1А, 1Б, 2, 3, 4, 5, 6, 8, 9, 11, 13, 14, 15, 17, 19, 21, 27, 28, 30, 31, 33, 34, 37, 37А, 38, 39, 40, 41 үйлер, Шашубай көшесіндегі № 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 8А, 9, 10, 11, 12, 12А, 13, 14, 16, 17, 18, 19, 20, 22, 26, 28, 30, 35, 36 үйлер, С.Сейфуллин көшесіндегі № 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 19, 20, 22 үйлер, Жамбыл көшесіндегі № 1, 3, 5, 10, 11 үйлер, Ғарышкерлер көшесіндегі № 2, 3, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 17/3, 18, 19, 20 үйлер, Абай көшесіндегі № 1, 2, 3, 4, 5, 7, 7А, 9, 11, 15, 18, 20, 21, 22, 23, 24, 25, 27, 35, 41, 43 үйлер.

**№ 474 сайлау учаскесі**

Сайлау учаскесінің орталығы - Шашубай кенті, Ж.Ақбергнұлы көшесі, 3. Мәдениет үйі.

Сайлау учаскесінің шекарасы: Шашубай кентіндегі Б.Ихамбаев көшесі бойынша № 2, 5, 6, 7, 8, 9, 11, 13, 17, 18, 19, 36, 36А, 37, 38, 39, 40, 41, 44, 56, 58, 60, 62, 64, 66, 68, 70 үйлер, Ж.Ақбергнұлы көшесі бойынша № 2, 5, 6, 7, 9, 10, 12, 14, 16, 17, 18, 22, 24, 26, 28, 30, 34, 35, 38, 39, 40, 41, 43, 49, 51, 51/2, 53, 54, 55, 57, 59, 67, 71, 79, 93, 95, 103, 105, 109, 111, 113, 115, 117, 120, 121 үйлер, Алтын шағын ауданы бойынша № 1, 2, 3, 6 үйлер, Нарманбет көшесі бойынша № 1, 2, 3, 4, 6 үйлер, Жағалау көшесі бойынша № 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 11, 13, 14, 15, 17, 21, 22, 23, 24, 26, 27, 28, 29, 30, 32, 32А, 33, 34, 35, 36, 36А, 37, 38, 39, 40, 40А, 41, 42, 43, 44, 45, 45А, 46, 49А, 51, 52, 53, 55, 55А, 57, 58, 59, 61, 62, 63, 65, 65А, 66, 66/1, 66А, 67, 69, 71, 73, 73А, 75, 76, 78, 79, 80, 82, 83, 84, 86, 92, 94, 96, 96А, 98, 102, 104, 106 үйлер.

**№ 475 сайлау учаскесі**

Сайлау учаскесінің орталығы - Сарышаған кенті, Мектеп көшесі, 24. Сарышаған кентінің жалпы білім беретін орта мектебі.

Сайлау учаскесінің шекарасы: Сарышаған кенті бойынша Шөкірбек көшесіндегі № 1, 1А, 2, 2А, 2Б, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 10/1, 10А, 11, 12, 13, 14, 14А, 15, 15/1, 15А, 17, 18, 19, 19/2, 19А, 21, 21А, 22, 23, 24, 25, 26, 26А, 27, 29, 30, 34, 34А, 35, 36, 36А, 44, 61 үйлер, 1 ықшам ауданындағы № 1, 2, 2/1, 3, 4, 4/2, 6, 6А/1, 7, 7/2, 8/1, 9, 10/2, 11, 12 үйлер, 2 ықшам ауданындағы № 1, 2, 3, 4/1, 5/9, 6 үйлер, 3 ықшам ауданындағы № 2, 3Б, 4, 6, 7, 8, 9, 9Б, 10, 11, 11/2, 12, 13, 14, 14А, 15, 16/1, 16/2, 16А/1, 17, 18, 18А, 19, 20, 21, 39 үйлер, Бөйтерек көшесіндегі № 1, 1/2, 3, 3А, 4, 5, 5А, 6, 6А, 7, 8, 9, 15 үйлер, Болашақ көшесіндегі № 1, 1А, 2, 3 үйлер, Мектеп қиылысы көшесіндегі № 1, 2, 3, 4, 5, 5А, 6, 7, 7/2, 8, 9, 10, 11, 13, 13А, 15, 17, 19, 19А, 20 үйлер.

**№ 476 сайлау учаскесі**

Сайлау учаскесінің орталығы - Сарышаған кенті, Теміржол көшесі, 3Б. Қарағанды облысы білім басқармасының Ақтоғай ауданы білім бөлімінің «Сарышаған кентіндегі жалпы орта білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

Сайлау учаскесінің шекарасы: Сарышаған кентіндегі Абай көшесі бойынша № 1, 1А, 2, 4, 7, 8, 9, 10, 11, 13, 14, 14А, 15, 17, 19, 19/1, 20, 21, 22, 23, 24, 25, 26, 27, 27/2, 32, 34, 34/2, 35, 37, 38, 38Б, 40, 42, 44, 46, 48, 50/1, 56, 58, 60 үйлер, Ынтымақ көшесі бойынша № 5, 6, 7, 8, 9, 9/1, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 19, 21 үйлер, Теміржол көшесі бойынша № 1, 2/1, 4, 8, 18, 18А, 20, 21, 21/2, 22, 23, 24, 25, 26, 26А, 27, 28, 29, 29/2, 30, 31/1, 32, 33, 34, 36, 38, 39, 40, 41, 42, 44, 45, 46, 46/2, 47, 48, 49, 50, 52, 54, 56, 58, 60, 62, 62/2, 64 үйлер, Энергетик көшесі бойынша № 1, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11 үйлер, Бейбітшілік көшесі бойынша № 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 13, 14, 15, 16, 16А, 17, 19, 20, 22, 24 үйлер және Көктас, Весна, Новалы, Қаражынғыл разьездері.

**№ 477 сайлау учаскесі**

Сайлау учаскесінің орталығы - Сарышаған кенті, Абай көшесі, 12. Қарағанды облысы Ақтоғай ауданының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі «Ақтоғай мәдени-бос уақыт өткізу орталығы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорыны. Сарышаған мәдениет үйі.

Сайлау учаскесінің шекарасы: Сарышаған кентіндегі Балқаш көшесі бойынша № 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 19, 20, 21, 22, 23, 23А, 24, 25, 26, 27, 28, 29, 30, 31, 33, 34, 35, 36, 37, 38, 39, 40, 41, 44, 48, 50, 52, 53 үйлер, Тәуелсіздік көшесі бойынша № 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 19, 20, 21, 22, 23, 24, 24А, 25, 26, 27, 28, 29, 31, 32, 33, 34А, 35, 36, 37, 38, 39, 40, 40А, 40Д, 41, 42, 43, 44, 45, 46, 47, 47/1, 47А, 49, 50, 51, 52, 53, 54, 58, 58А, 60, 62/1, 64, 66, 68, 70 үйлер, Мектеп көшесі бойынша № 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 13/2, 14, 16, 16/1, 17, 18, 19, 21, 21А, 22, 23, 25, 26, 27, 28, 29, 30, 30А, 31, 31/2, 32, 33, 34, 35, 36, 37, 40, 42, 46, 46А, 46Б, 48, 50, 52, 54 үйлер, Жастар қиылысы көшесі бойынша № 1, 2, 2А, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10 үйлер, Достық көшесі бойынша № 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 8А, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 17А, 18, 18А, 18Б, 19, 20, 21, 22, 23, 24, 26, 27, 28, 29, 30, 32, 37, 37А, 38, 39, 41, 43, 46 үйлер.

**№ 478 сайлау учаскесі**

Сайлау учаскесінің орталығы - Ортадересін ауылдық округі, Ортадересін ауылы, О.Жәутіков көшесі, 20А. Клуб үйі.

Сайлау учаскесінің шекарасы: Ортадересін ауылы бойынша М.Ержанов көшесіндегі № 1, 3, 4, 6, 8, 10, 11, 12, 14, 16, 20, 22 үйлер, К.Байсейітова көшесіндегі № 2, 3, 4, 5, 5/1, 6, 7, 8, 9, 10 үйлер, Абай көшесіндегі № 1, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11 үйлер, О.Жәутіков көшесіндегі № 1, 3, 3А, 3Б, 5, 5А, 6, 7, 8, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 19, 21, 23, 28 үйлер,

Сана би көшесіндегі № 1, 1А, 2, 4А, 4Б, 5, 7, 8, 9, 10, 12, 17, 19, 22 үйлер, Н.Орманбетұлы көшесіндегі № 1, 4, 7, 8, 15, 16, 17, 20, 24, 26, 28 үйлер және Қаработа, Бектауата, Басдересін, 8-бригада, Серікбасы қыстақтары.

**№ 479 сайлау учаскесі**

Сайлау учаскесінің орталығы - Ортадересін ауылдық округі, Ортадересін бекеті, Ынтымақ көшесі, 10. Вокзал залы.

Сайлау учаскесінің шекарасы: Ортадересін бекеті бойынша Ынтымақ көшесіндегі № 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8 үйлер және № 03876 әскери бөлімі.

**№ 480 сайлау учаскесі**

Сайлау учаскесінің орталығы - Ортадересін ауылдық округі, Ақжайдақ бекеті, Бөйтерек көшесі, 36. Вокзал залы.

Сайлау учаскесінің шекарасы: Ақжайдақ бекеті бойынша Достық көшесіндегі № 1, 2, 3, 4, 5, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13/1, 13/2, 14, 15, 16, 17, 18, 19, 20, 21, 22, 23, 24, 25, 26, 27, 28, 31, 34, 35, 37, 38 үйлер, Бөйтерек көшесіндегі № 4, 5, 7 үйлер және Ақөлкен, Тікшоқы қыстақтары.

**№ 481 сайлау учаскесі**

Сайлау учаскесінің орталығы - Тасарал ауылдық округі, Тасарал ауылы, Ағыбай батыр көшесі, 5. Клуб үйі.

Сайлау учаскесінің шекарасы: Тасарал ауылы бойынша Жастар көшесіндегі № 1, 1/1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13 үйлер, Орталық көшесіндегі № 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 9/1, 10, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 19, 20 үйлер, Жағалау көшесіндегі № 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 13, 14, 15, 16 үйлер, Ағыбай батыр көшесіндегі № 1, 2, 6, 10, 10/1, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 19, 20, 21, 22, 23 үйлер және Ақжолтай, Байдәулет, Жолдан, Онбай, Асыл қыстақтары.

**№ 482 сайлау учаскесі**

Сайлау учаскесінің орталығы - Қарабұлақ ауылдық округі, Нарманбет ауылы, Сана би көшесі, 7. Клуб үйі.

Сайлау учаскесінің шекарасы: Нарманбет ауылы бойынша Абай көшесіндегі № 1, 2, 3, 4, 5, 6, 8, 13, 16, 17, 19, 20, 21, 22, 23, 24, 25, 27, 33, 34, 35, 37, 39А, 41, 43, 48 үйлер, Жамбыл көшесіндегі № 1, 3, 4, 5, 6, 8, 10, 12, 13, 14, 16, 17, 18, 19, 20 үйлер, Қарабұлақ көшесіндегі № 1, 2, 3, 5, 6, 9, 10, 11, 12 үйлер, К.Байсейітова көшесіндегі № 1, 2, 3, 3/1, 6 үйлер, М.Ержанов көшесіндегі № 2, 3 үйлер, М.Мұқанов көшесіндегі № 1, 2, 3, 4, 5, 6, 8, 9, 12, 13, 14, 15, 19, 20, 21, 22 үйлер, Сана би көшесіндегі № 2, 3, 4, 5, 8, 9А, 10, 11, 12, 13/1, 13/2, 14, 15, 16, 17, 18, 19, 20 үйлер және Дуанши, Думан, Түйеқора, Мектеп-1, Мектеп-2, Әріп, Бульдозер, Еңбек, Сарқытбай, Қарабұлақ, Иса, Рақым, Қасен, Иманбай, Құсайын, Тоқал, Стандарт, 8-Март, Қажы, Жәнке, Кіндікті, Разак, Алшынбек, Омарбек, Заготскот қыстақтары.

**№ 483 сайлау учаскесі**

Сайлау учаскесінің орталығы - Қарабұлақ ауылдық округі, Қарасу ауылы, О.Жәутіков көшесі 7. А.Төлүтаевтың тұрғын үйі.

Сайлау учаскесінің шекарасы: Қарасу ауылы бойынша Нарманбет көшесіндегі № 1, 3, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 12/1, 12/2, 14, 15, 16, 17, 18, 19, 20, 21, 22, 23, 24, 25, 26, 27, 28, 30, 32 үйлер, О.Жәутіков көшесіндегі № 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 14, 16, 17, 18 үйлер және Оспанқарын, Сарыөлен, Қапаш, Шалқар, Қажы, Ащықарын, Нарманбет, Алдаберлі, Саға, Глүберлі, Сүтбай, Түйебай, Қалыш, Шолақ, Молалысу қыстақтары.

**№ 484 сайлау учаскесі**

Сайлау учаскесінің орталығы - Абай ауылдық округі, Абай ауылы, Абай көшесі, 8. Клуб үйі.

Сайлау учаскесінің шекарасы: Абай ауылы бойынша М.Мәметова көшесіндегі № 1, 2, 3, 5 үйлер, Бейбітшілік көшесіндегі № 1, 2, 3, 4, 5, 6 үйлер, Қ.Аманжолов көшесіндегі № 1, 3, 9, 10, 11, 12 үйлер, Қарамөнде би көшесіндегі № 1, 5, 6, 9, 11 үйлер, М.Әуезов көшесіндегі № 1, 2, 3 үйлер, Абай көшесіндегі № 1, 2, 4, 5, 6, 7, 9, 10 үйлер және Ақшкөк, Қалқан, Қарқын, Ақатан, Қойбағар, Бақалшы, Бидайық, Көпелбай, Тасқын, Аққорда, Ортақора, Ошаған, Ақсай, Айдын, Ой-Жапекен, Ақферма қыстақтары.

**№ 485 сайлау учаскесі**

Сайлау учаскесінің орталығы - Құсақ ауылдық округі, Қошқар ауылы, Мәдениет көшесі, 15. Клуб үйі.

Сайлау учаскесінің шекарасы: Қошқар ауылы бойынша Береке көшесіндегі № 2, 9, 10, 12, 13 үйлер, Бірлік көшесіндегі № 2, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 13 үйлер, Сарыарқа көшесіндегі № 1, 3, 7, 14 үйлер, Наурыз көшесіндегі № 1, 3, 6, 7, 8, 9, 11, 12, 13, 14, 18, 20, 22 үйлер, Жастар көшесіндегі № 7, 9, 10, 16, 18, 21 үйлер, Бейбітшілік көшесіндегі № 1, 2, 5, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 16 үйлер, Женис көшесіндегі № 1, 2, 4, 5, 6, 8, 9, 10, 11, 13, 14, 16, 17, 19, 22, 24, 26, 27, 28, 29, 30, 31, 32, 33, 35, 40, 41 үйлер, Мәдениет көшесіндегі № 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 10, 12, 14, 18, 21, 25, 28, 31, 32, 33, 34, 35, 36, 38, 40 үйлер және Орта-Жарасбай, Бас-Жарасбай, Белсенді, Қарағаш, Мынбұлақ, Молақ, Ескі Молақ, Ортақора, Басқора, Талбасы, Бесшоқы, Сарман, Қарашілік, Екпін, Сейтімхан, Өміржан, Бала Қошқар, Керегетас, Қызылалдыр қыстақтары.

**№ 486 сайлау учаскесі**

Сайлау учаскесінің орталығы - Айыртас ауылдық округі, Айыртас ауылы, Орталық көшесі, 7. Клуб үйі.

Сайлау учаскесінің шекарасы: Айыртас ауылы бойынша Ардагер көшесіндегі № 3, 6, 7, 8, 11 үйлер, Наурыз көшесіндегі № 4, 6, 7, 9, 10, 11, 12 үйлер, Достық көшесіндегі № 1, 3, 5, 8, 10, 11, 12, 14, 17 үйлер, Орталық көшесіндегі № 7, 9, 13, 16, 18, 22 үйлер, Жазық көшесіндегі № 3, 7, 8, 10, 12, 16 үйлер, Қобыланды көшесіндегі № 11, 14, 15, 16, 17, 19, 24, 26, 28, 30, 34 үйлер және Сәдуақас, Тазқызыл, Ойран, Өгізтау, Туайт, Маубас, Аққора, Қызылтас, Еспе, Би, Қарабас, Ақсай, Шұбарайғыр, Ешкіөлмес, Өмірсапа, Өзімбай, Шұбарқұдық қыстақтары.

## Egov.kz: Электронды үкімет – елге пайдалы

Ақпараттық технологиялар қарыштап дамыған бүгінгі күні электрондық жүйеге көшу аса маңызды болып отыр. Бұл ретте мемлекет пен қарапайым халық арасында байланыс орнатуы жеңілдету үшін электронды үкімет жұмыс істейді. Қазіргі уақытта мемлекеттік қызметтерді онтайландыру, оларды электронды форматқа көшіріп, жұмыстарын дамыту шаралары жалғасуда. Бүгінге дейін жұртшылыққа ыңғайлы бірқатар жобалар іске асып та үлгерді.

Осыдан кейін электронды үкіметті қалыптастыру және дамытудың төрт негізгі кезеңі бекітілді. Бірінші кезең – ақпараттық кезең. Дәл осы кезеңде электронды үкімет порталы іске қосылып, ақпараттармен толықтырылды. Бұл кезеңде әрбір қазақстандық қажетті бүкіл ақпаратты: қажет құжаттар тізімін, мемлекеттік БАЖ-дың көлемін, мемлекеттік органның байланыс мәліметтерін портал арқылы алуға қол жеткізді. Екінші кезең – интерактивті кезең, яғни порталда электронды қызметтер көрсетіле бастады. Порталды пайдаланушыларға үйде отырып-ақ мекемелерден анықтамаларды алуға, кез келген мемлекеттік органға сұраныс жасауға және олардың жағдайын бақылауға мүмкіндік туды. Электронды үкімет порталында интерактивті қызметтерді өңгізу құжаттар пакетін жинауға кететін уақытты бірнеше есе қысқартты. Электронды үкіметтің дамуының үшінші кезеңі – транзакциялық кезең. Бұл кезеңде азаматтар мемлекеттік салымдар мен төлемдерді, айыппұлдарды, коммуналдық қызметтерді төлеуге мүмкіндік алды. Егер бұрын қызметтерді төлеу үшін банкке бару қажет болса, онда қазір қызметті онлайн алуға және төлеуге болады. Электронды үкіметтің төртінші кезеңі – трансформациялық кезең. Бұл кезеңнің басты мақсаты – азаматтарға қызмет көрсетуде жеделдік таныту. Осы мақсатқа қол жеткізу үшін интерактивті және транзакциялық сервистер кешенді қызметтерге біріктірілуде.

Қазіргі таңда техника, технология жетістіктерін шеберлікпен пайдаланудың арқасында мемлекеттік органдар мен үкіметтік ұйымдар ел азаматтарымен тұрақты қарым-қатынас жасаудың тиімді жолдарын осы электронды үкімет жүйесі арқылы тапты. Мұның тиімді жақтары айтарлықтай. Қажетті ақпаратты жедел береді, мемлекеттік қызмет көрсетуді тиімді етеді және шығынның аздығымен әрі ашық, жариялылығымен ерекшеленеді. Үкіметтік ұйымдардың да өзара тығыз байланыста жұмыс істеуіне елді ықпал ете алады.

Порталдағы барлық қызметтерді қолдану үшін азаматтарда

алдымен электронды сандық қолтаңбасы (ЭСҚ) болуы қажет. Электронды сандық қолтаңба портал арқылы, үйден шықпай-ақ мемлекеттік қызметтерді алу үшін өте қажет. Бұл ыңғайлы әрі қолжетімді. Электронды үкіметтің қарапайым халық үшін тиімді әрі қолжетімді екенін бөлім қызметкерлері egov.kz порталының барлық мүмкіндіктері арқылы көрсетіп бере алады.

Елімізде бала тууға байланысты көрсетілетін мемлекеттік қызметтер проактивті тәсіл арқылы онтайландырылған. Бұл жобаға сәйкес жаңа босанған әйел бұрынғыдай халыққа қызмет көрсету орталықтарына келіп жатпай-ақ, телефон арқылы сәбиін тіркетіп, тууы туралы куәлікті жасатып, балабақшаға кезекке қойып, тіпті нәрестенің өмірге келуіне байланысты берілетін тиісті жәрдемақыны рәсімдеген. Бұл жерде халық мемлекеттік қызметке жүгінбейді, мемлекеттік органдар тиесілі қызметті ұсынып, халыққа өздері шығады.

Қазіргі таңда аталған бағытта мемлекеттік қызметтерді көрсету сапасын жетілдіру бойынша бірқатар міндеттерді іске асырып жатыр. Мұнда әңгіме, ең алдымен, электронды үкімет порталының дамуы мен «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясының қызметіне қатысты болып отыр, бұл – мемлекеттік қызметтерге қолжетімділіктің ең ыңғайлы жолдары екені сөзсіз. Бүгінде мемлекеттік қызмет түрлерінің басым бөлігін үйден шықпай-ақ электронды үкімет порталы арқылы алуға болады. Әсіресе, шалғайдағы ауылдық елді мекен тұрғындары үшін бұл өте тиімді. Жолға шығындалмайды, мекемелердің табалдырығын тоздырып, уақытын жоғалтпайды.

Мемлекеттік қызметтерге электронды түрде қол жеткізудің мақтаншыпен айтатындай артықшылықтары бар. Ең басты ерекшеліктерінің бірі – уақыттың үнемделуі. egov.kz порталының мүмкіндіктерін пайдалану үшін үйден және жұмыс орнынан арнайы сұранудың мүлдем қажеті жоқ.

Мемлекеттік қызметтерді көрсету үшін көптеген мемлекеттік органдардың – ақпарат иелерінің деректер қорындағы мәліметтер пайдаланылады. Азаматтар электронды үкімет порталына белгілі бір қызметті алуға сұрау салған кезде жауап мемлекеттік органның ақпараттық жүйесіндегі дерекке сәйкес құралатынын еске сала кеткен жөн.

Д.Омарбеков,

Ақтоғай ауданы әкімдігінің жанындағы мемлекеттік қызмет көрсетуді бақылау жөніндегі бас инспекторы.

## Еске алу

Ардақты да аяулы анамыз Ахмарақызы Алпынның бұл фәниден өткеніне 3 ақпан күні 40 күн толады.

Қампының сабындай ғана қайран тірлік бір күні шарт сынары өмбеге аян. Өмірдің өзі күшті болғанымен, өтетіні өкінішті. «Тумақ бар жерде – өлмек те бар» дейді шарият сөзі.



Күні кеше ғана шаңырағымыздың паттығы, өулетіміздің ақылшысы болып отырған өзиз анамыздан көз жазып қалдық. «Тас түскен жеріне ауыр» деген. Қарттықтың кемесіне мінсе де, біз үшін әрдайым ана деген аяулы жан еді. Қапияда төтеннен келген сұм ажал қабырғамызды қақыратып кетті. Алайда, Алланың дегеніне шара бар ма?! Сағынамыз, аңсаймыз, қолдан келер дәрмен жоқ. Жатқан жеріңіз жайлы, топырағың торқа болсын, ардақты ана.

Өмірдің иесі сен, ғазиз ана,

Келтірдің дүниеге нелер дана.

Анасыз батыр да жоқ, ақын да жоқ,

Өмірдің алтын кілтін сонда ғана.

Сағына еске алушы: балалары, немере-шөберелері.

Қырықкүндік асы 3-ақпан күні өз шаңырағында беріледі. Марқұмды танитын барша ағайынға хабар бар.

## Еске алу



Сарытерек ауылының тумасы, руы – Тобықты, Құланшы Жамбосынов Тілеубай Сәкібайұлы ағамыздың дүниеден өткеніне 26 қаңтар күні 20 жыл болды. Ағамыз өулетіміздің үлкені, жол көрсетер басшымыз, камкор аға, туған-туысқа көмек қолын соза білетін жүрегі жайсаң, мінезі жайдарлы,

барлық адам баласын бауырым деп тұратын ерекше жан иесі болатын. Ағамыз ауданымыздағы қазіргі Аграрлық-техникалық колледжде, аудандық аурухана мекемесінде қызмет жасаған кездерінде ұжымға өте сыйлы бола білді. Отау құрып, 4 баланың әкесі атанып, небәрі 45 жасында өмірінің ең жарқын, қуанышты, қызықты сәттерін отбасымен бірге көремін деп жүрген кезінде сұм ажал ортамыздан алып кетті. Алланың ісіне пенде баласының қылар амалы жоқ. Содан бері ағамызды сағына еске алып, әруағына Құран оқып, дұға бағыштаумен күндеріміз өтіп жатыр. Ағамыздың жарқын бейнесі, күлімдеп қарағаны, еркелетіп айтқан жылы сөздері мәңгілік жанымызда. Көрмеген қызығын артында қалған жары, жеңеміз, жете алмаған белесіне ұрпақтары жетсін. Ағамыз өмірден озғанымен, жүрек түкпірінде мәңгі қалады.

Өзектері өртәніп сағыныштан,

Дұға арнап жүректен алып ұшқан.

Бауырлары қимастықпен еске алады,

Кездерді бірге жүріп, бақыт құшқан.

Жаратқанның амал бар ма ісіне,

Туған-туыс еске алады күрсіне.

Сағынғанда тұла бойы тұңғышың,

Анамыздың жиі кіреді түсіне.

Жатқан жерің жайлы, топырағың торқалы, алдың пейіш, артың кеніш болсын, жан аға!

Сағына еске алушы: анасы – Мәкіжан, бауырлары.

04 маусым 2022 жылы Каженов Съезд Каженулы қайтыс болуына байланысты мұралық іс ашылды. Мұрагерлер өзінің мұрагерлік құқығын ресімдеу үшін Ақтоғай ауданының нотариусы Кипкектаева Саягуль Бекмоллаевнаға, Ақтоғай ауылы, Ө.Бөкейхан көшесі, 19 үй мекен-жайына хабарласуына болады.

Тел.: 8 705 832 83 06.

## Хабарландыру

«Balqash Resources» ЖШС Қарағанды облысындағы Көкзобой кен орындарының полиметалл рудалары (мырыш, қорғасын, күміс) бойынша жер қойнауын пайдаланудың салдарын жою жоспарының «қоршаған ортаны қорғау» бөлімінің жобасы бойынша қоғамдық талқылау нысанында қоғамдық тыңдаулар өткізеді.

Жоба бойынша құжаттама бірыңғай экологиялық порталда орналастырылған <https://ecportal.kz> және ЖАО сайтында <https://www.gov.kz/memleket/entities/aqmola-upr>. "қоғамдық тыңдаулар" бөлімінде.

Жария талқылаулар 03.02.2023 ж. бастап 10 жұмыс күні ішінде бірыңғай экологиялық портал сайтында өтеді. Барлық ескертулер мен ұсыныстар осы күндері бірыңғай экологиялық порталда қабылданады. Осы мерзім өткеннен кейін ескертулер мен ұсыныстар қабылданбайды.

Бастамашысы – «Balqash Resources» ЖШС, тел.: 8 (701) 888-81-12, 010000, Астана қаласы, Тельман тұрғын алабы, Мұғалжар көшесі, 23 үй. БСН 181240012523.

Жобалық құжаттаманы өзірлеуші: "КазЭко-Проект" фирмасы "Ворченко С.В." ЖШ, Ақмола облысы, Көкшетау қ., 8 наурыз к-сі, 61, каб.10. Тел.: 87162525260.

Электрондық мекен-жайы бойынша сіз жоспарланған қызмет туралы ақпарат ала аласыз және құжаттардың көшірмесімен танысасыз: [kazecoproect2012@mail.ru](mailto:kazecoproect2012@mail.ru).

Мүдделі жұртшылықтың ескертулері мен ұсыныстары Қарағанды қ., Лободы к-сі, 20 мекен-жайы бойынша қабылданады. «Қарағанды облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы» мемлекеттік мекемесі, электрондық пошта мекен-жайы: [expertiza.upr\\_krg@mail.ru](mailto:expertiza.upr_krg@mail.ru).

## Объявление

ОО «Balqash Resources» проводит общественные слушания в форме публичных обсуждений по проекту раздел «охрана окружающей среды» к плану ликвидации последствий недропользования на полиметаллических руд (цинк, свинец, серебро) месторождений Кокзобой в Карагандинской области.

Документация по проекту размещена на Едином экологическом портале <https://ecportal.kz> и на сайте МИО <https://www.gov.kz/memleket/entities/aqmola-upr>, в разделе «Общественные слушания».

Публичные обсуждения состоятся с 03.02.2023 г. в течении 10 рабочих дней на сайте Единый Экологический портал. Все замечания и предложения принимаются в эти дни на Едином Экологическом портале. По истечении данного срока замечания и предложения не принимаются.

Инициатор – ООО «Balqash Resources», конт. тел.: 8 (701) 888-81-12, 010000 г.Астана, Жилой массив Тельман, улица Мұғалжар, дом 23. БИН 181240012523.

Разработчик проектной документации: Фирма «КазЭкоПроект» ИП «Ворченко С.В.», Ақмолинская область, г.Кокшетау, ул. 8 Марта, 61, каб.10. Тел.: 87162525260.

Электронный адрес по которому можно получить информацию о намечаемой деятельности, и ознакомиться с копией документов: [kazecoproect2012@mail.ru](mailto:kazecoproect2012@mail.ru).

Замечания и предложения заинтересованной общественности принимаются по адресам: г.Караганда, ул.Лободы, 20. ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Карагандинской области», электронный адрес: [expertiza.upr\\_krg@mail.ru](mailto:expertiza.upr_krg@mail.ru).

## Құттықтаймыз!



### Құрметті Ғабит Жақсылықұлы!

Сізді 60 жасқа толып жатқан мәншікті мереке-нізбен шын жүректен құттықтаймыз!

Шанырағыңызда шаттығыңыз бен қуанышыңыз көп болсын, бала-шаға, немерелеріңіздің қызығына тоймай, Алланың назарында, бақыттың базарында болғайсыз деп тілейміз.

Асқаралы жасқа қадам басқан ардақты дос, абзал азаматқа мықты денсаулық, мол қажыр-қайрат, өміріңізге шуақ, жаныңызға қуат берсін деп тілейміз. Сізге жарқын да мағыналы өмір, көтеріңкі де кіршіксіз көңіл, отбасыңыздың амандығын, қызыққа толы ғұмыр кешіп, көпшіліктің ыстық ықыласы мен құрметіне, ризашылығына бөлек беруіңізге тілектеспіз.

Ізгі ниетпен: Махат, Саят, Рымбек, Дулат, Қайрат, Маржан, Алтын, Еламан, Бауыржанның отбастары.

## Құттықтаймыз!



### Құрметті де қадірлі досымыз Смағұлова Төлеу Шапібайқызы!

Асқаралы 60 жасқа толған мерейтойың құтты, қайырлы болсын! Алпыс – талтүс. Алда өлі талай асулар мен белес-белдер бар. Саған мықты денсаулық, отбасына амандық, баянды да бақытты өмір тілейміз. Айтулы асуда көңілің қуанышта шалқып-тасып, тек биіктерге жетуіңе тілектеспіз. Әр күнің бақ-береке, айшықты мерекеге толы болсын. Арайлап атқан әр таңды зор қуаныш, тың құлшыныспен қарсы ала бер. Отбасында тек жақсылықтар болып, немерелеріңнің қызығын қызықтап, ұзақ өмір сүре беруіңді Алла нәсіп етсін.

Жұлдызың жалғасын ғасырларға, Ардақты дос, асыл жан, дара тұлға. Қуаныш құтты болып, бақ дарысын, Өмірің толы болып шуақ нұрға.

Ақ тілекпен: кластастары – Мейрамгүл, Әлия Ахметулина, Болат-Жүміс, Коля-Зәмза, Болат-Бақша, Асқар-Гүлнар, Қайрат-Раушан.

## Хабарландыру

«Ақтоғай» несиесі серіктестігі» ЖШС құрылтайшыларының жалпы жиналысы 07.02.2023 жылы сағат 15.00-де болады.

Күн тәртібінде төмендегі мәселелер қаралады:

1.Кредиттік серіктестік басқармасына қатысушылардың жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатпайтын қаржы өнімдерін және өзге де ішкі құжаттарды бекіту жөніндегі өкілеттіктерді беру туралы.

2.Жарғыны жаңа редакцияда бекіту.

Құрылтайшылардың жалпы жиналысы Ақтоғай ауылы, Ә.Бөкейхан көшесіндегі №10 ғимаратта «Ақтоғай» несиесі серіктестігі» ЖШС мекемесінде өтеді. Құрылтайшылардың жиналысқа толық қатысуы сұралады. Шаруашылығын дамытуға несиесі аламын деген шаруа қожалықтары мына телефонға хабарласуы керек: 8 (71037) 2-18-21, 2-18-00, 8 777 540 34 71.

## Еңбек адамы

Бүгінде қай салада болса да белгілі бір дәрежеге жетіп, «екі тізгің, бір шылбырды» тең ұстап жүрген тұлға болса, яки көп қатарлы көшкі ілесіп, «екі қолға бір күрек» ұстап, нәпақасын тауып жүрген жанның баршасы да ұлағатты ұстаздар қауымының алдын көрген. Бұл – тасқа жазылған тарих іспеттес айнымайтын аксиома.

Баршамыз да ала жазды ойынмен тауысып, қыркүйектің 1-і күні ақ жейдемізді киіп, сөмкемізді асынып, ұлы білім ордасының табалдырығынан аттадық. Оған дейін үйден ұзап аттап баспаған басымыз, өуелгіде жат ортаны жатырқағанымыз да рас. Кейін баршамыз бір арнаға бет бұрып, бір бастаудан сусындап, 11 жылдың ішінде бір атаның баласындай болып кеттік. Міне, мектеп дегеніміз – білімнің нөмі татулықтың ордасы болса, ұстаз – шөкірттің

шаруашылығы көрмесіне жолдама берілді. Әлі есімде, өкемнің алған медальдары көп болатын. Жарықтық, өзі де өткір, қақ-соқ та жұмысы жоқ, еңбекқор адам еді. Барлығымызды қатарымыздан қалдырмай оқытты, тоқытты. Амантай інімді Қарағанды мединститутына, Есентайды Целиноградтың сельхоз институтына түсіріп, бір-бір мамандық алып берді. Амантай Көкшетауда қызмет жасады. «Оқжетпес» шипажайында 20 жылға жуық басшылық жасап, құрметті еңбек демалысына шықты.

Өкем екінші жолдасынан 2 ұл, 2 қыз сүйді. Атап айтсам, Манат бауырым әскерде жүргенде қапияда бақилық болды. Ал, Сағат бауырым малдәрігерлік оқуын бітіріп, ауданда талай жыл қызмет жасады. Төлеуғайша, Айтқайша



# Ұстаз – Ұлттың Ұстыны

*Қазақстанның халық әртісі Серке Қожамқұлов «Ұстаз» деген ұлағатты атауды естігенде, күні бүгінге дейін өзінді шөкірттей сезінемін» деген екен. Десе дегендей, ұстаз қай уақытта болса да, ұстаз мәртебесінде, биік дәрежеде қалуы керек. Осындайда солақай саясаттың тегерініне ілініп кеткен отты ақын, қайраткер М.Жұмабаевтың «Алты Алаштың баласы бас қосса, төр – мұғалімдікі» деген тамсілі ойға орала береді.*

сана-сезіміне сөуле шапша шамшырақ.

Бүгін біз жоғарыда атап өткеніміздей, талай шөкірттің зейінін ашып, таным көзжіегін кеңейткен, саналы ғұмырын балаға білім беру ісіне арнаған ұстаз жайлы аз-кем қалам сілтемекпіз. Әңгіме әлқиссасын орағытып, алыстан шалып отырғанымыз да содан деп біліңіз.

Тәуірбала Жақыпбекова өзінің өнегелі өмірін білімге, ұрпақ тәрбиесіне сарп еткен жан. Бүгінде сексеннің сенгіріне шыққан аяулы ана деген шағында фенидің қызығы мен шыжығының дәмін татып, сан тараулы соқтықпалы соқпақтың еңсеріп, бүгінде бала-шағасының ортасында, өзінің қоңыр ғана тірлігін шүкір етіп отырған ғазиз қарт. Апамыз өмір тарихының парақтарына көз жүгірте отырып сөйлейді, сөйлегенде бүй дейді:

– Мен Ақтоғай ауданына қарасты Сарытерек ауылында 1940 жылы 5 мамырда дүниеге келдім. Шешемнің есімі – Рабан. Анадан 4 ұл, 3 қыз едік. Алайда, Алланың жазғанына қарсы шығар дәрмен бар ма?! Екі ұл да жасында шетінеп кетті. «Қырсық бір айналдырады, бір айналдырса, пыр айналдырады» деген. Кейін келе үлкен ұл мен менің алдымдағы апам дүниеден өтті. Соған қарамастан анамыз кең пішілген жан еді. Тумысынан момын жан баршамызды адамгершілікке, туралыққа баулып өсірді. Соған қарай жаман болған жоқпыз. Кейін өлдекімнің алғысын алып жатсақ, анамыздың тәрбиесі деп білдік. Ұмытып барам, нағашы жұртым – Көпкің, Орысбай руынан Әділбай, Мұхамедия, Рақымжан болып келеді. Сол уақытта, өсіресе, белі шойырлып, қабырғасы қайырғылып, күні-түн қара жұмыс жасаған жандардың еңбегі жақсы бағаланатын еді. Анам біздің өңірде өсетін «Ақ бидайды» ору науқанына қатысып, «Үздік орақшы» атанды. «Ажал ғайып» деген сөз рас екен. Анам 49 жасында төтеннен ауру киіп кетіп, ауыр науқастан бақилық болды. Сөйтіп, ойламаған жерден анамыздан айырылып, аңырадық та қалдық.

Ал өкеме келер болсақ, 1904 жылы Сарытерек ауылы «Каганович» колхозында туған. Сол тұста енді-енді іргетасы бекіп жатқан жылқы шаруашылығының негізін қалауға атсалысты. Ілгеріде айтқанымдай, сол заманда төккен тер, еткен еңбек жақсы еленді. Өкемнің күні-түн жарғақ құлағы жастыққа тиместен, аттың жалында жүріп жасаған жұмысы елніп, екі мәрте Мәскеуге ауыл

сінділерім ұлдарын ұяға, қыздарын қияға қондырып, бүгінде немерелерінің ортасында солардың қуанышын қызықтап отыр. Ал, әңгіме әлпенті өзіме қарай бұратын болсам, мен мұғалімдікті Сараң қаласындағы Абай атындағы педучилищені бітіріп шықтым. Алайда, тағдырдың маған жазған сынағы көп екен. Сол жылы тағы да ауыр қазамен бетпе-бет келдім. «Жазмыштан озмыш жоқ» деген, тағдыр салды, біз көндік. Сөйтіп жүргенде Алланың қалауымен 1961 жылы Амангелді Әзіхановпен дәм-тұзымыз жарасып, шаңырақ көтердік. Аужекен әріден айтатын болсам, Темірші болысының биі Сүттібай бабамның 3-ші ұрпағы екен. Сөйтіп, отау құрып, үлкен өмір парағын бастадық. Үйдің де, қоғамның да жұмысына бірдей үлгердік. Алғаш мұғалімдікті «Еңбек» совхозында бастауып мектептің ұстазы болып бастадым. Сол арада тәжірибе жинадық, ысыдық. Жолдасым сол мектептің директоры қызметін атқарып жүріп, Қызыларай мектебіне директор болып ауысты. Кейін келе, оқу ісінің менгерушісі қызметін атқарды. Бертінге дейін сол жерден табан аудармай қызмет жасап, зейнетке ілікті. Қызыларайдың халқы жақсы құрметтеді, сыйлады. Екеуіміз он баланы өсіріп, тәрбиеледік. Көшпен қалдырмай, қалаған оқуын оқыттық. Қазір Аллаға шүкір деймін, әр балам өз алдына бір-бір шаңырақ.

Айтқандай, айта кеткен дұрыс болар, Қызыларай мектебінің ұжымы бізге 2018 жылы ұлағатты ұстазымыз Амангелді Әзіхановтың өзі сабақ берген химия кабинетін заманға сай жабдықтап, ішкі жөндеу жұмысын жүргізіп берсе деген ұсыныс білдірді. Бұл ұсынысты балаларым хош алып, бәрі бірауыздан ақылдаса келе, бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып, сол кабинетті қайта жаңғыртып, сыныпты жолдасымның атына берді. Қазіргі уақытта Зәрухан қайынымның қызы, химия пәнінің мұғалімі Әсем жетекшілік жасап отыр, – деп қарт анамыз, осыдан бір ғасыр ілгерідегі тарихтан басталған өңгіменің желісін үзбестен, бүгінгі тарихпен ұштастырып барып, сөзін төмамдады.

Сөз соңында кеудесі көмбе ғазиз ана: «Мынадай Жаңа Қазақстанда жақсы оқып, халқымыздың қалаулы ұлы, елулі қызы болып өсулеріңе тілектеспін. Менің жақсы өмірімді, жасымды берсін!» – деп батасын берді.

Е.АЙТЖАН.

Құрылтайшы: ЕЛЕУСИЗОВА ГҮЛНАР МЕТАЕВНА

Редактор: Г.ЕЛЕУСИЗОВА

Меншік иесі: «Ақтоғай ажары» газеті редакциясы ЖШС

Тіркеу куәлігі: №КЗ94VPY00019192. (Қазақстан Республикасы ақпарат және даму Министрлігі 2020 жылы 10 қаңтарында берілген)

Газет аптасына 1 рет шығады

Жауапты хатшы: Думан Қабыл

Кезекші редактор: Еркебұлан Айтжан

Газет редакцияның компьютер орталығында қатталып, Қарағанды қаласында «Арқо» баспаханасы ЖШС-де басылады. Сәтбаев көшесі, 15-үй

Мақала авторларының пікірі газеттің көзқарасын білдірмейді.

Таралымы 1020 дана

Мекен-жайымыз: 100200, Ақтоғай

ауылы, Абай көшесі, №1 а үй.

Телефондар: редактор: 2-18-81,

тілшілер, компьютер орталығы: 2-15-39



Электрондық пошта aktogai\_red@mail.ru

Газетке А4 форматты 3 беттен асқан материалдар қабылданбайды.

